



ТЕНІЗШЕВРОЙЛ

Дайындаған: Жәумітова. Г
Тексерген: Оразбаева. К. Н



1993 жылғы 6 сәуірде Нұрсұлтан Назарбаев пен Кеннет Дерр Алматы қаласында «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнын құру туралы 40 жылдық келісімге қол қойды. Қазақстан үшін ғана емес, Шеврон корпорациясы үшін де бұл мәміле 1970-ші жылдардың басынан бергі ең ірі халықаралық мәміле еді. Осы Қазақстан-Америка мұнай келісім-шартына қол қойылуының бүкіл дүние жүзі үшін экономикалық қана емес, саяси маңызы болды. 1992 жылы Қазақстан, Ресей және Оман үкіметтері Каспий құбыр консорциумын (КҚК) құру туралы құжаттарға қол қойды, ол Теңіз-Новоросийск мұнай құбыры арқылы Теңіз мұнайының әлемдік нарықтарға экспортқа шығарылуын қамтамасыз етуге тиіс болды. Осылайша Қазақстанның орасан зор мұнай алыбының және жалпы ел экономикасы дамуының жаңа кезеңі басталды.



Қазақстанда 70-ке жуық мұнай өндіру компаниясы бар. Соның ішінде 7 компания жетекші орын алады, олар қазақстандық мұнайдың 86%-ын өндіреді. Солардың арасында «Теңізшевройл» ЖШС көшбасшы, мұндағы Қазақстанның үлесі 20%-ды құрайды. «Шеврон» Қазақстанда жұмыс істегелі 20 млрд доллар инвестиция бөліп, 1999-2012 ж-ғы таза табысы 27 млрд доллар құрады. Ал Өзенмұнайгаз (100%) және Маңғыстаумұнайгаздағы (50%) Қазақстанның үлесі едәуір. Ақтөбе облысындағы мұнай өндіру Қытай компаниясына қарайды.

ТШО: МҰНАЙ ӨНДІРУ, млн тонна



«Теңізшевройл» ЖШС сан миллиардтап тартылған инвестицияларды тиімді игерудің арқасында ТШО өндірістің бүкіл инфрақұрылымын түбегейлі қайта құрып өндіріс базасын кеңейтті. 2007 жылдың аяғына қарай компанияның жалпы активтері 10.5 млрд. доллар құрады. 2008 жылда Екінші буын зауытының барлық өндірісінің пайдаланылуға берілуі қазіргі бес технологиялық желіде өндіріліп жатқан өнімді екі еселеуге мүмкіндік берді және шығарындылар көлемін азайтуда өндірістің жоғары тиімділігін қамтамасыз етті.



«жеңіл», көмірсутектің жеңіл молекулаларынан тұрады. Екінші буын зауытын іске қосқаннан кейін, кәсіпорын тәулігіне [мұнай мен газ](#) өндіру көлемін сәйкесінше 540 мың барель және 765 млн текше фут деңгейіне дейін ұлғайтуға мүмкіндік алды.

Бұдан басқа, көмірсутектер шикізатының қалған бөлігінен, ілеспе газдардан тауарлы [газдар](#) (құрғақ газ бен сұйытылған газдар - [пропан](#) мен [бутан](#)), сондай-ақ Теңіз кен орнының шикі мұнайының құрамында жоғары шоғырланған күкіртсутектен өндірілетін [күкірт](#) шығарылады. 2007 жылы еуропалық сападағы пропан мен бутан өндіру көлемі 860 метрикалық тоннаны, ал құрғақ газ сату көлемі 3,7 миллиард текше метрді құрады. Сондай-ақ ТШО 2007 жылы күкірт сатудан жоғары көрсеткішке қол жеткізді, 2 миллион тонна күкірт сатып, 2006 жылғы өзінің көрсеткішін 24 пайызға асыра орындады. 2013 жылы мұнай өндіру көлемі 27,1 миллион тоннаны (216 миллион баррель) құрады.



- 1. Қызметкерлер мен активтер қауіпсіздігі Іскерлік операцияларды табысты жүргізу үшін физикалық мүмкіндік пен қауіпсіз ақпараттық ортаны қамтамасыз ету.**
- 2. Нысандарды жобалау және құрылыс жұмыстары Нысандарды жобалау және құрылыс жұмыстары кезінде қауіпсіздікті, жарақат пен ауру-сырқатты болдырмауды қамта масыз ету, сондай-ақ, сенімділік, тиімділік және экологиялық қауіпсіздік қажет.**
- 3. Қауіпсіз өндіріс Нысандарды пайдалану мен қамтуды жарақатты, кәсіби аурулар мен оқиғаларды болдырмайтындай ұйымдастыру.**
- 4. Өзгерістерге бақылау жүргізу Оқиғаларды болдырмау мақсатында тұрақты және уақытша өзгерістерді басқару.**



5. Сенімділік және тиімділік Сенімділік: Нысандарды және ұңғымаларды пайдалану мен қамтуды механикалық тұтастықты сақтауды қамтамасыз ететіндей және оқиғаны болдырмайтындай жүргізу керек. Тиімділік: Өндірістің тиімділігін айтарлықтай арттыру және табиғи ресурстарды сақтау.

6. Үшінші жақтың қызметі Өндірісті оңтайландыру бойынша талаптардың сақталуын қамтамасыз ету жолымен мердігер ұйымдар қызметін ұдайы жақсартуды жүзеге асыру.

7. Экология мәселелерін басқару Қоршаған ортаны қорғау бойынша көрсеткіштерді тұрақты түрде жақсартуға және өндірістік факторлардың қоршаған ортаға ықпалын төмендетуге ұмтылу.

8. Өнім сапасын басқару

Қауіпсіздік техникасын еңбекті және қоршаған ортаны қорғаумен, сондай-ақ өнімді пайдаланудың барлық кезеңіндегі тұтастыққа байланысты ықтимал тәуекелдерді басқару.



STRATEGY

9. Оқиға себептерін тексеру Оқиғалардың жүйелі себептерін жою және олардың болашақта қайталануына жол бер мес үшін тексеру жүргізіп, негізгі себептерді анықтау.
10. Жергілікті тұрғындармен және мүдделі тараптармен байланыс орнату Сенім ақуалын туғызу үшін ашық диалогқа қатысу мақсатында жұртшылықпен және еңбек ұжымдарымен байланыс орнату.
11. Апатты жағдайларды басқару Басты басымдық апаттық жағдайларды болдырмау, сондай-ақ «Шеврон» корпорациясының қарауындағы апаттық ресурстарды пайдалана отырып, тез де тиімді қимылдауға даяр тұру. Компания өнімдері мен меншіктеріне, сондай-ақ басқа компаниялар бақылауындағы тасымал дау құралдарына, кіреге алынған кемелер мен нысандарға қатысты апатты жою жөніндегі іс-қимылдарды бақылауға даяр болу және қажет болған жағдайда апатты жоюға қатысты қажетті іс-қимылды пайдалану.
12. Нормативтік талаптарды сақтау Компанияның тиісті саясатына және мемлекеттік заңдар мен ережелердің талаптарына сай, өндірісті оңтайландыру бойынша талаптарға сәйкестікті тексеру. Өндірісті оңтайландыру талаптарына қатысты қызметкерлерді оқыту.
13. Заң және бақылаушы органдармен жұмыс Ұсынылатын заңдылықтар мен нормативтік актілерге байланысты жұмысты этикалық нормаларды сақтай отырып, конструктивті түрде жүргізу және туындаған мәселелерді талқылау